



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников

1. <http://ladyismile.ru/children/computer-31.html>
2. «Безобиден ли компьютер?»
3. <http://logoburg.com/modules/myarticles/article.php?storyid=153&storypage=1>
4. <http://www.compgramotnost.ru/computer-i-zdorovye/vliyanie-kompyutera-na-zdorove-cheloveka>
5. Tengri news. «Поколение очкариков». С. Акимбеков// <https://tengrinews.kz/article/325>
6. «Как избежать ухудшения зрения при работе за компьютером?». Профессор медицины А. Шарман// <http://www.zdrav.kz/node/9191>
7. <https://polzavred.ru/vliyanie-kompyutera-na-rebenka.html>
8. «Школьники и компьютерные игры с «экраным насилием»»// Педагогика. 2004. №6. С. 45-49
9. «Медиапедагоги и теоретики медиакультуры зарубежных стран: энциклопедический справочник». А. Федоров. Москва, 2011. С. 23

УДК 37.013.43

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Құсбекова П.Ж.

Fatima-91kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Ғылыми жетекші - Ахтанова С.К.

Бұл мақалада қазіргі уақытта, студенттердің шығармашылық ойлауын қалыптастыру тұлғаның ақыл- ой , шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерін дамытудың негізі болып табылатыны туралы қозғалған . Студенттердің оқу орнына бейімделу үдерісіндегі қиындықтарға көп көңіл бөлу, оған мейлінше үлкен мән беру студенттің маман ретінде қалыптасуына, ойлануына, болашақ іс-әрекетінің тиімділігіне ықпал етуге бағытталған. Студенттердің дамуына байланысты мәселелер, өз шеберліктерін анықтау, білім беру кеңістігін кеңейту, шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және студенттердің ойлау қабілеттерін арттыру мәселелері мен қоса шығармашылық ойлаудың қалыптасуының және дамуының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: *шығармашылық ойлау, жеке тұлға, сапалық қабілет, танымдық әрекет, білім беру үрдісі.*

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, дамудағы жоғары динамизм кәсіби тұлғаның ролін арттырып, оның белсенділігі, дара көрегендігі ақпаратты өздігінен тауып, синтездеу және түрлі кәсіби жағдайларда шығармашылықпен шешім қабылап, пайдалана алу қабілетін талап етеді. Бұл жоғары оқу орындарында студенттердің креативті ойлауын қалыптастырумен тікелей байланысты.

Жоғары оқу орындарында кәсіптік-шығармашылыққа қабілетті жетілдіру маманның кәсіптік қажеттілігі болуы тиіс. Қоғам дамуындағы тенденция кәсіби мамандарды дайындауда студенттердің өзін - өзі жетілдіруге бағдарланған практикамен байланысты жақтарына назар аударып, оның кейбір элементтерін үйретуді көздейді. Қазіргі маманнан алған білімді қайта жаңғыртып, пайдалана білумен қатар кәсіптік мәселелерді шығармашылықпен шеше білу, үнемі өзін - өзі дамыту қабілеті тұлғалық және кәсіптік өзін - өзі жетілдіру сапалары талап етіледі. Студенттердің креативті ойлауын қалыптастыру идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаларында «...білім беру

жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген [1].

Жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің шығармашылығын дамытуының маңызды бір құрамдас бөлігі болып табылатын педагогикалық-психологиялық дайындықтың және адам бойындағы әлеуеттерді, шығармашылық қабілеттерді танытуға, қалыптастыруға деген белсенді әрекетті іске асыратын креативті ойлаудың орны ерекше маңызды және мәнді. Осы тұрғыдан келгенде, білім берудің негізгі мақсаты - жаңа қоғамға лайықты сапалы да, саналы тұлға, өз мамандығын сүйетін, оның кез келген сұрағына жауап бере алатын және әрі қарай дамытатын маман даярлау.

Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудың жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де шығармашылық қабілетті дамытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді.

Тиянақты білімдері мен кәсіби біліктерін оңтайлы сабақтастыра отырып, кәсіби міндеттерін шығармашылықпен шеше білетін жаңа тұрпатты маман даярлау үрдісін студенттердің дербес іс-әрекетінсіз елестету және оны жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттерді даярлауды қалыптастырудың шарттары үрдісін жаңаша сипатта қарастырып, олардың сапаларын дамыту негізінде меңгерген білімдері мен білік, дағдыларын өзгермелі өмір жағдайында, болашақ кәсіби іс-әрекетінде қалыптастыру шарттарын қолдана білуге үйрету маңызды міндет.[2]

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен қалыптастырудың шарттарының, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуы.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі жоғары оқу орындарында оқыту үрдісінің мазмұндық болмысына педагогикалық білімді жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту мен қатар қалыптастыру шарттарын арттыратын әдіс-тәсілдер мен оқыту формаларын пайдаланудың қажеттігін көрсетіп, студенттердің танымдық, шарттарын іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, қалыптастыру шарттарын қабілетін қалыптастыруда білім мазмұнының жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Студенттердің шығармашылығын қалыптастыру шарттарын, деңгейін өзінің жаңашылдығымен, креативтілігімен, өз ісіне жауапты қарауы, өзін-өзі жетілдіруі, кәсіби шыңдау арқылы қол жеткізеді. Сондықтан да студенттердің кәсіби құзырлығын жетілдіру мәселесі маңызды болып табылады.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық, заманауи талаптарына қарай білім беру әдістері, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Демек, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлығы қоғам сұранысының өсуі мен мұндай талапқа сай мамандарды даярлауға байланысты жоғары оқу орындарына арналған арнайы тұжырымдаманың жоқтығы арасында; педагогикалық мамандықтар студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудағы кәсіби даярлық сапасына талаптардың артуы жеткіліксіз.

Егер, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздері айқындалып, олардың шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту моделі мен құрылымдық моделі жасалса және студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың тиімді кезеңдері айқындалып, тұжырымдамасы негізделсе, оларды жүзеге асырудың механизмі мен педагогикалық шарттары анықталып,

әдістемелік жүйесі ұсынылса, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту саласынан кәсіби білігі жетілдіріледі, ал бұл болса студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыздандырады.[3]

Студенттердің жіберілген олқылықтарды анықтап, оларды жою және өздігінен жұмыс істеу іскерлігі мен дағдысын жетілдіру бойынша жұмыс жасай отырып, оқулықтағы білім жүйесі қалыптасқан білім жүйесі бара-бар болуы үшін бұрын меңгерген білімді қайта топтастыруға, жүйелеуге және қорытындылауға мүмкіндік туғызып, олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуды көздейді.

Бұл әрине, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту үдерісінде қорытындылау, жүйелеу, сұрыптау сияқты таным тәсілдерін жетік меңгеруді талап ете отырып, студенттерді ойлау қабілетін дамытуға бағытталған қорытындылау және жүйелеу сабақтарын құрастыру мен ұйымдастыруға арнайы дайындық жүргізіп, оған шығармашылық көзқараспен қарау қажеттілігін көрсетеді. Мұндай сабақтарды құрастыру мен ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалану сабақтың құндылығын арттырады.

Оқытушы студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда, біріншіден, тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып, студент тұлғасын сипаттай білуі қажет, екіншіден, өзі ұйымдастырған шығармашылық әрекеттің студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін мынадай маңызды факторларын білуі және ескеруі қажет. Біз зерттеу барысында педагогикалық, дидактикалық ұстанымдарды ескере отырып, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда олардың теориядан практикалық әрекетке көшуін қамтамасыз ететін төмендегі ұстанымдарды негізге алдық:

- жалпыдидактикалық, ғылымилық, жүйелілік, саналық, түсініктілік, теорияны тәжірибемен байланыстыру, проблемалық, және т.б.;

- ізгіліктік - іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы; - дамытушылық - педагогикалық үдерістегі іс-әрекеттерді оқушылар тұлғасын дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру;

- жеке тұлғалық - педагогикалық үдерістің жеке тұлғаға бағыттылығы мен күзиреттілікке бағдарланған түрде ұйымдастырылуы;

- вариативтілік - шығармашылық қабілетті жетілдіруге бағытталған демократиялық сапалы білім алудың әрбір студент үшін қол жетерлік болуы;

- жекедаралық, әрбір студенттің дамуында оның дара ерекшелігін ескеру;

- үздіксіздік білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық, үздіксіздік пен нақтылықтың ескерілуі, студент тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау;

- сәйкестік немесе үйлесімділік, оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялар мен мазмұнның сәйкестігі.[4]

«Қазіргі заманда жастарға әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет» - деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беруде оқу үдерісіне енгізуді оңтайландыру мен оның тиімділігін арттырудың маңызы өте зор. Бұл істі тиімді жүзеге асыру педагогикалық мамандықтар студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға жоғары оқу орындарында алған сапалы білім деңгейіне байланысты.

Студенттің шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

- 1) Тұлғаның жалпы белсенділігін сипаттайтын қасиеттерін жігерлілік, табандылық, инициативтік, шешім қабылдаушылық, мақсатқа бағыттаушылық, өздігінен жұмыс істей алуы, қажырлылық, оптимизм, сенімділік, тұрақты қызығушылық дамыту тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

- 2) Білім алуға қатысты қасиеттер жауапкершілік, ұқыптылық, қызығушылық, еңбексүйгіштік, орындаушылық, байыптылық, ұйымдастырушылық, продуктивтілік, ізденімпаздық және т.б. әрбір шығармашыл тұлғаның бойында табылады.

3) Тұлғаның ақыл ойына қатысты қасиеттер тұлғаның ойлауының кең, сыни тұрғыда, логикалық болуы, ой батылдығы, даму интеллектісі мен деңгейі, эрудиция, интуиция, оқуға қабілеттілігін дамыту шығармашыл тұлғаның ойлау қабілеттерін дамытудағы ең маңызды мәселелердің бірі. [5]

Қорыта айтқанда, әр студент қайталанбайтын дара тұлға болғандықтан, оның шығармашылық ойлауының қалыптасуына жеке сипат тән болып келеді. Шығармашылықтың белгілері әрбір тұлғаның бойында бар, оның дамуы ортадағы түрлі ықпалдардың әсерінен шектеліп, тежеліп қалмауы үшін, әсіресе білім беру үрдісінде шығармашылық ойлаудың қалыптасуына қозғау салып, түрткі болып, барынша ашылуына жағдай жасалуы қажет.

Шығармашылық ойлаудың қалыптасуының негізгі факторлары қатарында оқу-танымдық шараларының жүйелі ұйымдастырылуы, білімнің ізгілендірілуі, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған құрылымдық- логикалық әдістердің дұрыс таңдалуы, қойылған дидактикалық мақсаттың айқындығы, шығармашылық әрекеттердің жүйелі ұйымдастырылуы шығармашылықтың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан, 1999, 1 маусым
2. Оқушыларды шығармашылық тапсырмалармен олимпиадаға дайындау (информатика пәні бойынша). Әдістемелік құрал. - Шымкент, ШО ХҚТУ, 1999. -11 б.
3. БҚБЖ курсы оқыту барысында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру //Физиканы, математиканы және информатиканы инновациялық оқыту: өзекті мәселелері және болашағы: ТМНМК. - Шымкент: ХҚТУ ШИ, 2004. –Б. 392-396 (Ұ.Б.Исатаевамен авторлық бірлестікте)
4. Тажитова Г.З.. Ағылшын тілі сабақтарында студенттердің шығармашылық қабілеттерін өзіндік жұмыс арқылы дамыту// Хабаршы журналы.- Астана ЕҰУ 2011.-70 б
5. Морозов А. В., Чернилевский Д. В. Креативная педагогика и психология. – М., Академический проект, 2004. 31-32 б

УДК 378.015.311:613.71

ФОРМИРОВАНИЕ ПОТРЕБНОСТИ В ЗДОРОВОМ СПОСОБЕ ЖИЗНИ У СТУДЕНТОВ

Куцак Вячеслав Игоревич

fizreab_znu@rambler.ru

студент магистратуры Мелитопольского государственного педагогического университета
имени Богдана Хмельницкого, г. Мелитополь, Украина
Научный руководитель –Т.Е. Христовая

Введение. Одной из глобальных проблем современности является проблема здоровья молодого поколения. Она неотделима от проблемы человека, возникает вместе с человеком и видоизменяется соответственно движению человеческой культуры. Здоровье – это состояние полного физического, душевного и социального благополучия, а не только отсутствие болезней и физических недостатков. Такое определение этого понятия содержится в преамбуле устава Всемирной организации здравоохранения. Одним из важнейших показателей состояния здоровья является уровень функционального развития ведущих адаптивных систем организма человека[1]. Здоровье является процессом сохранения и развития физиологических, биологических и психических функций оптимальной трудовой и социальной активности при максимальной продолжительности активной творческой жизни.